

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 9 қыркүйектегі
№ ДС-251 сауалға

Құрметті депутаттар!

Түркістан облысындағы жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) іске асыруға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 54-56-баптарына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес балаларды мектепке дейінгі оқытуды және тәрбиелеуді жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етуі тиіс.

2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетте жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесіне сәйкес педагогтердің жалақысының жыл сайынғы ұлғаюын ескере отырып Түркістан облысы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында еңбекақы төлеуді арттыруға 79,5 млрд теңге (2021 жылға – 19,9 млрд, 2022 жылға – 29,8 млрд, 2023 жылға-29,8 млрд) нысаналы трансферттер көзделген.

Облыс әкімдігінің Республикалық бюджет комиссиясына ұсынған контингент туралы мәліметтері Ұлттық білім беру деректер базасының есептік деректеріне сәйкес келмеуіне байланысты, мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты қаржыландыруға 23,5 млрд теңге сомасында қосымша қаржы бөлу туралы өтінім қолдау таппады.

Анықтама: Түркістан облысының әкімдігімен бірінші нақтылауда жаңа 1 200 орынды қаржыландыруды қамтамасыз етуге 3,1 млрд теңге сомасындағы қажеттілік ұсынылмағандығын атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда, Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ақпараты бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативіне дейін жеткізу үшін Түркістан облысы бойынша қажеттілік 26,5 млрд теңгені құрайды (оның ішінде жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативіне дейін жеткізуге 23,5 млрд теңге және 1200 орынға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайтуға 3,0 млрд теңге).

Бұл қажеттілікті Министрлік 2021 жылға арналған республикалық бюджетті

келесі нақтылау кезінде мәлімдейтін болады.

Осы мәселе бойынша Үкіметте 2021 жылғы 30 шілдеде арнайы жиналыс өткізіліп, Министрлікке мемлекеттік органдармен бірлесіп балалардың мектепке дейінгі білім алудағы болжамды қажеттілігін айқындау әдістемесін әзірлеу, 2022-2024 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру шеңберінде балаларды мектепке дейінгі оқытумен қамтуды ұлғайту үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыруға республикалық бюджеттен қаражат бөлу мәселелерін пысықтау тапсырылды.

Министрлік тарапынан арнайы жұмыс тобы құрылып мектепке дейінгі білім беру сапасына тәуелсіз ұлттық бағалау жүйесін енгізе отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалаудың бірыңғай құралдарын әзірлеу бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстар барысында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қаржыландыру көлемінің заңнамада белгіленген нормативтерге сәйкестігі де ескерілетін болады.

2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру барысында Түркістан облысы бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыруға 7,3 млрд теңгеге өтінім берілді, оның ішінде:

2022 жылы – 2,1 млрд теңге (1 балаға 43 155 теңге шығын есебінен жаңа 4 000 орынға);

2023 жылы – 2,8 млрд теңге (1 балаға 46 180 теңге шығын есебінен өтпелі 4000 орынға және жаңа 500 орынға);

2024 жылы – 2,7 млрд теңге (1 балаға 46 180 теңге есебінен өтпелі 4500 орынға және жаңа 190 орынға).

Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктеріне Министрлікпен бірлесіп, мемлекеттік тапсырыс көлемін мектепке дейінгі білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативіне дейін жеткізу бойынша уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету, балалар санының өсуін ескере отырып, жыл сайынғы негізде қосымша шығыстар бөлу мәселелерін пысықтау тапсырылды.

Бұл мәселе Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов